

Ислам Иран Республикасының Мешхед қаласында Қазақстан Республикасының Бас Консулдығын құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 31 мамыр N 757

1994 жылғы 16 мамырда Тегеран қаласында қол қойылған Ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Меморандумға сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті

қаулы етеді:

1. Иран Ислам Республикасының Мешхед қаласында Қазақстан Республикасының Бас Консулдығы ашылсын.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігінің келісуімен Мешхед қаласындағы (ИИР) Қазақстан Республикасының Бас Консулдығының штат кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі